

**"Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: "Батыс Еуропа - Батыс Қытай" халықаралық транзит дәлізі (ОАӨЭЫ 1b және 6b)) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім хатқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 1185 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі (ОАӨЭЫ 1b және 6b)) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім хатқа қол қою туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі (ОАӨЭЫ 1b және 6b)) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім хатқа қол қою туралы**

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі (ОАӨЭЫ 1b және 6b)) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім хаттың жобасы **м а қ ұ л д а н с ы н .**

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке

Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі (ОАӨЭЫ 1b және 6b)) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім хатқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы

# Президентінің

2 0 1 2 Ж Ы Л Ы « »

№ Ж а р л ы ғ ы м е н

МАҚҰЛДАНАҢ

Жоба

2012 ЖЫЛЫ « »

Қ Р Қ а р ж ы м и н и с т р і

Б . Б . Ж ә м і ш е в м ы р з а ғ а

Астана, Қазақстан Республикасы

Жеңіс даңғылы 11

Мынаған: Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі (ОАӨЭЫ 1b және 6b)) түзетуге қатысты

Жоғары Мәртебелі:

Осымен біз жоғарыда айтылған 2009 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – Қарыз алушы) мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (бұдан әрі – Банк) арасындағы Қарыз туралы келісімге сілтеме жасаймыз (бұдан әрі – Қарыз туралы келісім). Біз сондай-ақ Қарыз туралы келісімге түзетулер енгізу мүмкіндігі туралы Сіздің 2011 жылғы 19 қарашадағы хатыңызға да сілтеме жасаймыз.

Банк Сіздің сұрауыңызды мақұлдайтынын және Қарыз туралы келісімнің мәтініне мынадай өзгерістер енгізуге келіскенін қуана хабарлаймыз:

1. 1-қосымшада – Жоба сипаттамасы, бірінші абзацқа жобаның бастапқы орналасқан орнынан тыс салынатын жаңа жол учаскесін қосу бойынша өзгеріс енгізіледі. Тиісінше 1-қосымшаның бірінші абзацындағы осы жоба мақсатының сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жобаның мақсаты Ақтөбе және Қызылорда облыстарының шекарасынан Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарына дейінгі автожол учаскелерінде көлік жұмысының тиімділігін арттыру және автомобиль жолдарын басқаруды жетілдіру және

Қазақстанда жол қозғалысының қауіпсіздік деңгейін арттыру болып табылады.».

2. 1-қосымшаның 2-бөлігінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шымкенттен Жамбыл облысының шекарасына дейінгі автожолды қосу бойынша өзгеріс енгізіледі. Тиісінше Жоба сипаттамасының 2-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бөлік: Оңтүстік Қазақстан облысындағы автожол учаскелерін жаңғырту және қайта жаңарту (Қызылорда және Шымкент қалаларына дейінгі айналма жолдарды қоса алғанда, Қызылорда облысының шекарасынан Жамбыл облысының шекарасына дейін).

Қызылорда және Шымкент қалаларына дейінгі айналма жолдарды қоса алғанда, Оңтүстік Қазақстан облысындағы автожолдың учаскелеріне жаңғырту және қайта жаңарту жүргізу кезінде қолдау көрсетуге арналған құрылыс жұмыстары.»

3. Қарыз туралы келісімге 2-қосымшаның IV бөлімі А-тармағының 2) тармақшасында келтірілген кестеге заңды шығыстарды қайта бөлу мақсатында өзгеріс енгізіледі және ол мынадай редакцияда жазылады:

| Санаты                                                    | Қарыздың бөлінген сомасы ( доллар баламасында) | Қаржыландырылуы тиіс шығыстар үлесі (салықты қоса алғанда) |
|-----------------------------------------------------------|------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|
| (1) Жобаның 1-бөлігі бойынша жұмыстар                     | 936,000,000                                    | 85 %                                                       |
| (2) Жобаның 2-бөлігі бойынша жұмыстар                     | 944,850,000                                    | 85 %                                                       |
| (3) Жобаның 3-бөлігі бойынша консультанттардың қызметтері | 7,582,000                                      | 85 %                                                       |
| (4) Жобаның 4-бөлігі бойынша консультанттардың қызметтері | 3,140,000                                      | 85 %                                                       |
| (5) Жобаның 5-бөлігі бойынша консультанттардың қызметтері | 52,004,000                                     | 85 %                                                       |
| (6) Жобаның 4-бөлігі бойынша тауарлар                     | 900,000                                        | 85 %                                                       |
| (7) Бөлінбеген шығыстар                                   | 180,524,000                                    |                                                            |
| ЖАЛПЫ СОМАСЫ                                              | 2,125,000,000                                  |                                                            |

4. Қарыз туралы Келісімге 2-қосымшаның IV бөлімінің В тармағының 2-тармақшасында жобаның жабылу күнін ұзарту мақсатында өзгеріс енгізіледі және мынадай редакцияда жазылады:

«2. Жабылу күні – 2015 жылғы 30 маусым».

5. Жобаны қайта жаңарту нәтижесінде Қарыз туралы келісімге № 2 қосымша хат, негізгі көрсеткіштердің өзгерістерін көрсету үшін өнімділік мониторингінің көрсеткіштері өзгертілуі тиіс. Қайта қаралған № 2 қосымша хат осы хабарламаға қоса

берілді. Егер Сіз өзгерістермен келісетін болсаңыз, қосымша хатқа күнін көрсетуді әрі қол қоюыңызды және оны Дүниежүзілік банктің Астанадағы кеңсесіне қайтаруыңызды с ұ р а й м ы н .

Осында келтірілген өзгерістерді қоспағанда, Қарыз туралы келісімнің барлық басқа ережелері түзетусіз және ратификацияланған, толық күшінде және қолданыста болады.

Сіздің осы Келісім хатқа қол қою, күнін көрсету және бізге қайтару жолымен Қарыз алушының атынан жоғарыда көрсетілген өзгерістермен келісетінізді растауды өтінеміз. Жоғарыда көрсетілген өзгерістер Банк Сіз қол қойған осы хатты және Қазақстан Республикасының атынан осы Келісім хаттың орындалуы мен берілуі Қарыз

уралы келісімге қолданылатын Жалпы Талаптардың 9.01 және 9.02-бөлімдеріне сәйкес барлық қажетті мемлекеттік рәсімдермен тиісінше шешілгенін немесе ратификацияланғанын білдіретін, Банкті қанағаттандыратын қорытындыны алғаннан кейін күшіне енеді.

Ізгі ниетпен,

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ**

Ш е б н е м

Өңірлік

директордың

міндетін

А к к а я

атқарушы

Орталық

Азияның

Өңірлік

кеңсесі

Еуропа және Орталық Азия өңірі

РАСТАЛДЫ

ЖӘНЕ

КЕЛІСІЛДІ:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Кім:

Л а у а з ы м ы :

Уәкілетті өкіл

Күні: